

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҰЖЫММЕН ЖИНАЛЫС
«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ –ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ»**

**СОВЕЩАНИЕ С ПЕДАГОГИЧЕСКИМ
КОЛЛЕКТИВОМ
«БЕЗОПАСНОСТЬ РЕБЕНКА –
ПРИОРИТЕТ ОБЩЕСТВА»**



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫММЕН ЖИНАЛЫС «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ –ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ»


КҮН ТӘРТІБІ: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ: 2024 жылдың 23-27 қыркүйегі аралығында

ӨТКІЗУ ФОРМАТЫ: (офлайн), білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы арасында жалпы жиналыс.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ: Білім беру ұйымдарының барлық педагогтері.

**Кеңес ұсынылған жүргізу тәртібіне сәйкес
ауытқусыз өткізіледі!**



ЖИНАЛЫСТЫҢ ӨТУ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ СӨЗ (1 МИНУТ)

Құрметті әріптестер, Бүгінгі жиналысқа қош келдіңіздер!

Бүгінгі кездесу – тек ақпарат алмасу ғана емес, сіздердің ойпікірлеріңізді тыңдап, маңызды мәселелерді бірлесе талқылап, шешім қабылдау алаңы.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігі. Бұл мәселе бізді алаңдатып отыр, себебі оқушылар кейде желідегі түрлі келеңсіз жағдайларға тап болып, тіпті өмірлеріне қауіп төндіретін жағдайларға душар болуы мүмкін. Бұл – отбасы мен мектептің ғана емес бүкіл қоғамның ортақ мәселесі, әрқайсымыздан сақтықты талап етеді.

Біз, педагогтер, оқушыларымызды әлеуметтік желілердің теріс әсерінен қорғау, олардың саналы әрі қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау үшін

бірге жауаптымыз. Бұл – біздің ортақ мақсатымыз. Мен сіздердің бала тәрбиесіндегі еңбектеріңіздің жемісті болатынына сенемін.

Бүгінгі жиналыста сіздерге пайдалы ақпарат алып, оқушыларыңыздың болашағына оң әсер ететін маңызды шешімдер қабылдайсыздар деп үміттенемін. Біздің бірлескен жұмысымызда Сіздерге сәттілік тілеймін!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ (8 МИНУТ)

2024 жылы 15 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылдың 30 шілдедегі №194 бұйрығымен «**Біртұтас тәрбие**» бағдарламасы бекітілді. Қазіргі уақытта бағдарлама барлық білім беру ұйымдарында іске асырылуда.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде келесі құндылықтарға негізделген іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды іске асыру көзделген:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық



Балалардың қауіпсіздігін күшейту үшін «Заң және тәртіп құндылығына сәйкес алдын алу шаралары мен әлеуметтік жобалар жоспарланып, іске асырылуда:

Олар:

- «Буллингсіз әлем»,
- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»,
- «Буллингтен қорған»,
- «Қауіпсіз қоғам»,
- «Қоғамдық мүлікті қорға»,
- «Өмірге салауатты қадам»

Біз «Біртұтас тәрбие» бағдарламаларын, әсіресе, балалардың қауіпсіздігіне бағытталған әлеуметтік жобалар мен тәжірибелерді сапалы іске асыруымыз қажет.

Бағдарлама шеңберіндегі маңызды іс-шараның бірі – қауіпсіздік сабақтарын енгізу.

Әр сынып сағаты аясында 10 минуттық «Қауіпсіздік сабағы» өт-

кізіледі. Ол сыныпта оқытылмайтын және балаларды заманауи қауіптерден қорғауға көмектесетін тақырыптарды зерттеуді қамтиды.

Сынып жетекшілеріне Қауіпсіздік сабақтарын сапалы өткізуге ерекше назар аударуды сұраймын. Барлығыңызда жеке қауіпсіздік сабақтарының материалдары бар.

Педагогтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұсынылған **«Өнегелі 15 минут»** бастамасының маңыздылығын ата-аналарға жеткізіп, осы уақытты тиімді пайдалануға көмектесулері керек. Бұл бастама ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға және баланың ішкі әлемін жақсырақ түсінуге ықпал етеді.

Құрметті педагогтар!

Құндылықтарды қалыптастыру мен тәрбиені жүзеге асыру – оқутәрбие процесінің маңызды бөлігі.

Біріншіден, педагогтердің негізгі міндеттерінің бірі – өз үлгісін көрсете отырып, оқушылардың дұрыс мінез-құлқын қалыптастыру, олардың құндылықтары мен нормаларын дамытуға көмектесу үшін қауіпсіз және қолдаушы орта құру.

Екіншіден, құндылықтарды оқыту және дамыту барысында, сынып сағаттары мен пәннің мазмұнын пайдалана отырып, тұлғаны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Сынып сағаттарының мазмұны құндылықтарға бағытталған болуға керек, ал пәндер бойынша оқу материалдары өзекті мәселелерді талқылауды және тұлғалық дамуды қамтуы тиіс.

Педагогтер адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында мектепішілік іс-шаралар ұйымдастыруы қажет. Сондай-ақ оқушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолда-

нып, оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі ету маңызды. Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану ұсынылады.

Үшіншіден, сабақтан тыс қызметте көшбасшылық қасиеттерді дамытуға арналған іс-шараларды ұйымдастыру қажет. Мектеп деңгейінде өткізілетін шаралар оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ету үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру ұсынылады.

Сондай-ақ әлеуметтік белсенділік пен волонтерлік қызметті дамыту мақсатында түрлі жобалар әзірлеп, іске асыру арқылы оқушыларда жауапкершілік, азаматтық белсенділік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға баса назар аудару қажет.

НЕГІЗГІ НАЗАР АУДАРЫЛАТЫН СӘТТЕР:

Балаларды мұқият бақылау.

Сыныптағы, үзілістегі, сыныптан тыс іс-шаралардағы балаларды бақылау тек оқу тапсырмаларын орындауға көз салу ғана емес. **Біз олардың мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударуымыз керек:** күрт тұйықтығы, агрессивті- дөрекі мінез, үнемі шаршау немесе алшақтау. Мұндай өзгерістер баланың өміріне жедел араласуды қажет ететін мәселелерге тап болғанның белгісі болуы мүмкін.

Бүгін мен сіздерді тек қана мұқият болуға шақырмаймын. **Бұл міндет бізге 2023 жылғы желтоқсанда бекітілген ағартушылық, денсаулық сақтау, ішкі істер, мәдениет және ақпарат, халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің бірлескен бұйрығы аясында жүктелген.**



Бұйрықта зорлық-зомбылық пен буллингтің куәгерлері мен құрбандары болып табылатын балаларды ерте анықтау және көмек көрсету әдістемесі бекітілген.

Барлығыңызды тағы да сол әдістемемен танысуға шақырамын.

Әдістемеге сәйкес, сынып жетекшілері мен педагогтар балалардың сыныптағы мінез-құлқының стандартты емес белгілеріне үнемі назар аударып, мектеп әкімшілігіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогқа хабарлауы тиіс.

Мәселелерді ерте анықтау.

Біздің жауапкершілігіміз – балалардың мектеп оқу үлгеріміндегі, сыныптастарымен қарым-қатынасындағы немесе буллинг белгілеріндегі өзгерістерді байқап отыру. Осы аспектілерге немқұрайлы қарау ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Кейде біздің байқамаған бір оқиға, болашақта түзетуі қиын немесе түзетуге мүмкін емес мәселелер тізбегінің бастауы болуы мүмкін. Мысалы, Алматы қаласында педагогтың мұқият назары арқасында бір бала құтқарылды. Педагог уақытында баланың көңіл-күйіндегі өзгерістерді байқап, мектеп басшылығына және одан әрі полиция қызметкерлеріне ескерткен. Уақытында қабылданған шаралардың нәтижесінде полиция қызметкерлері баланың өмірін сақтап қалды.

Алаңдаушылық белгілеріне жауап беру.

Егер біз баланың мінез-құлқында біртүрлі немесе алаңдатарлық нәрсені байқасақ, біздің міндетіміз – бұл туралы дереу мектеп әкімшілігіне, психологқа немесе әлеуметтік педагогқа хабарлау. Мұндай жағдайларды назардан тыс қалдыруға немесе бұл уақытша қиындықтар деп ойлауға болмайды. Кейде уақытында

берілмеген ақпарат трагедияға әкелуі мүмкін. Мектеп психологы да шет қалмауы керек және бекітілген алгоритмге сәйкес әрекет етуі керек. Әр анықталған жағдаймен жеке жұмыс істеу және дер кезінде тиісті полиция, денсаулық сақтау органдарына хабарлау маңызды.

Қатысу және бей-жай қарамау

Әрбір бала бірегей және әрқайсысы түрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Біз, педагогтар, олардың қажеттіліктеріне сезімтал болып, эмоционалдық жағдайларына бей-жай қарамауымыз керек. Балаларға көмек және қолдау көрсету кейде қарапайым әңгіме жүргізуде көрінуі мүмкін, онда бала түсінгенін сезіп, көмекке дайын екенімізді байқай алады. Кейде балаға ауыр мәселелерді болдырмау үшін тек жалғыз еместігін білу жеткілікті.

Салдар, немқұрайлы көзқарас үшін жауапкершілік.

Әрбір әрекетсіздік немесе мұғалімнің немқұрайлығы баланың өміріне ауыр салдары болуы мүмкін екенін ұмытпауымыз керек.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 127-2-бабына сәйкес, әрекетсіздік пен хабарламау үшін біз жауап береміз.

Егер біз мәселені көріп, әрекет жасамасақ, біз сол мәселенің қатысушылары боламыз. Біздің міндетіміз – тек қана білім беру емес, балаларды оларды қоршаған қауіп-қатерлерден қорғау.

Мұғалімнің қауіпсіз орта қалыптастырудағы рөлі.

Сыныпта және жалпы мектепте біз қолдау мен сенім атмосферасын қалыптастыруымыз керек, онда балалар өздерін қауіпсіз сезініп, қиын сәтте үлкендерге-біздерге жүгінуге

болатынын білуі керек. Бұл әсіресе буллинг, психологиялық қысым немесе отбасындағы мәселелер туралы сөз болғанда өте маңызды.

Ата-аналармен ынтымақтастық.

Егер баланың ауыр мәселелері туындауы мүмкін деген күдік болса, ата-аналармен байланыс орнатып, қажет болған жағдайда психологтар мен мамандарды тарту маңызды.

Осы іс-шаралар мен жұмыс алгоритмі 2022 жылғы 21 желтоқсандағы Білім беру министрінің № 506 бұйрығымен бекітілген «Баланың буллингін (қорлауын) алдын алу қағидалары» бейнеленген.

Сондай-ақ, осы қағидаларды қайта қарап шығуға шақырамын.

Сонымен қатар, балалар арасындағы зорлық-зомбылық фактілеріне қатысты барлық ақпарат (тұлғаны анықтайтын деректер, байланыс деректері, оқиға туралы мәліметтер, фотосуреттер және т.б.) қатаң құпия болып табылатынын еске салғым келеді.

Мектеп қызметкерлері ақпаратты бір-бірімен талқыламауы, ұйым

ішінде немесе одан тыс басқа тұлғаларға бермеуі керек, тек тиісті органдарға хабарлауды қоспағанда.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР (1 МИНУТ)

Қорытындылай келе, тағы бірнеше маңызды мәселеге назар аударуыңызды сұраймын:

1. Балалар топтарын тасымалдау ережелері. Танысыңыздар. Егер балаларды конкурсқа, театрға, концертке және тағы басқа шараларға апару жоспарланса, тек қана барлық алгоритмді қатаң сақтаған жағдайда ғана жол жүруге болады (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығы

2. Егер балалар тобын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге конкурсқа, лагерьге және т.б. шығаруға ақпарат түссе, бұл туралы мектеп әкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

3. 1 қыркүйектен бастап сынып сағаттары аясында біз қауіпсіздік сабақтарын өткіземіз. Әдістемелік ұсынымдардың барлығы қолдарыңызға берілді. Қауіпсіздік сабақтарын адал оқытуды жалғастыруды сұраймын.

Құрметті педагогтер!

Баршаңызды балалардың игілігі үшін бірігуге шақырамын. Біз берген білім мен тәрбие – балалар болашағының табысты болуының кілті. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен жанашырлықтарыңыз әрдайым біздің педагогтардың ерекшелігі болып келген, сол үшін сіздерге алғыс білдіремін. Біз атқарып жатқан ынталы жұмысымыздың нәтижелері балалардың үйлесімді әрі қауіпсіз дамуына берік негіз бола алады.

Баршаңызға рахмет!



СОВЕЩАНИЕ С ПЕДАГОГИЧЕСКИМ КОЛЛЕКТИВОМ «БЕЗОПАСНОСТЬ РЕБЕНКА – ПРИОРИТЕТ ОБЩЕСТВА»

ПОВЕСТКА ДНЯ: актуализация мер по обеспечению безопасности детей.

СРОК ПРОВЕДЕНИЯ: с 23 по 27 сентября 2024 г.

ФОРМА ПРОВЕДЕНИЯ: (офлайн), общее собрание педагогического коллектива.

ЦЕЛЕВАЯ АУДИТОРИЯ: все педагоги организации образования.

**Совещание проводится согласно представленного
порядка ведения без отклонения!**



ХОД ВЕДЕНИЯ

1. Приветствие и вступительное слово (1 минута)

Уважаемые коллеги, Добро пожаловать на сегодняшнее собрание!

Сегодняшняя встреча – это не просто обмен информацией, но и возможность выслушать ваши мнения, обсудить важные вопросы и совместно принять решения.

Одна из актуальных проблем современного общества – это безопасность детей в социальных сетях. Этот вопрос вызывает у нас беспокойство, так как они иногда сталкиваются с различными негативными ситуациями в интернете, которые могут даже угрожать их жизни. Это общая проблема семьи, школы и общества, требующая бдительности от каждого из нас.

Мы, педагоги, разделяем ответственность за защиту наших

учеников от негативного влияния социальных сетей и создание условий для их сознательной и безопасной жизни. Это наша общая цель. Я уверен (а), что ваши усилия в воспитании детей принесут свои плоды.

Надеюсь, что на сегодняшнем собрании вы получите полезную информацию и примете важные решения, которые положительно повлияют на будущее наших учеников. Желаю успехов в нашей с вами работе!

2. Основная часть (8 минут)

В соответствии с поручением Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева приказом Министра просвещения Республики Казахстан №194 от 30 июля 2024 года утверждена программа «**Біртұтас тәрбие**». В настоящее время программа реализуется во всех образовательных организациях.

В рамках программы «Біртұтас тәрбие» предусмотрена реализация мероприятий и социальных проектов, основанных на следующих ценностях:

- независимость и патриотизм;
- единство и согласие;
- справедливость и ответственность; закон и порядок;
- трудолюбие и профессионализм;
- созидательность и новаторства.



Для усиления безопасности детей согласно ценности «Закон и порядок» запланированы и реализуются профилактические меры и социальные проекты, как:

- «Мир без буллинга»,
- «Безопасные шаги в цифровом мире»,
- «Защита от буллинга»,
- «Безопасное общество»,
- «Защита общественного имущества»,
- «Здоровый образ жизни».

Нам необходимо качественно реализовать программы «Біртұтас тәрбие», особенно, социальные проекты и практики, направленные на безопасность детей.

Одним из важных новелл программы является введение уроков безопасности.

В рамках каждого классного часа проводится 10-минутный «Урок безо-

пасности». Он включает изучение тех тем, которые не проходят на уроках и помогают защитить детей от современных угроз.

Обращаюсь к классным руководителям уделить особое внимание на качество проведения Уроков безопасности. У вас у всех есть материалы Уроков личной безопасности.

Педагоги должны донести родителям важность инициативы **«Өнегелі 15 минут»**, предложенной в рамках программы «Біртұтас тәрбие», и помочь им использовать это время эффективно. Эта инициатива помогает укрепить доверительные отношения между родителями и детьми и лучше понять внутренний мир ребенка.

Уважаемые педагоги!

Формирование ценностей и воспитание – важная часть учебно-воспитательного процесса.

Во-первых, одной из ключевых



задач педагогов является создание безопасной и поддерживающей среды, чтобы, показывая собственный пример, формировать у учеников правильное поведение и помогать им развивать свои ценности и нормы.

Во-вторых, при обучении и развитии ценностей необходимо уделять особое внимание формированию личности, используя материалы классных часов и содержание предметов. Темы классных часов должны быть ориентированы на ценности, а учебные материалы по предметам должны включать обсуждение актуальных вопросов и личностного развития.

Педагоги должны организовывать внутришкольные мероприятия, направленные на формирование нравственных качеств. Важно использовать различные педагогические методы, чтобы сделать процесс

обучения увлекательным и эффективным, привлекая внимание учеников. Рекомендуется использовать учебные материалы и ресурсы для анализа этических дилемм и развития творческих навыков.

В-третьих, необходимо организовывать внеклассные мероприятия, направленные на развитие лидерских качеств. Школьные мероприятия должны способствовать раскрытию личных качеств учеников. Также рекомендуется привлекать общественных деятелей и родителей для содействия формированию ценностей.

Особое внимание следует уделить развитию социальной активности и волонтерской деятельности, разрабатывая и реализуя различные проекты, которые способствуют формированию таких качеств, как ответственность и гражданская активность.

ОСНОВНЫЕ МОМЕНТЫ, НА КОТОРЫЕ СТОИТ ОБРАТИТЬ ВНИМАНИЕ:

Внимательное наблюдение за детьми.

Наблюдение за детьми в классе, на переменах, на внеклассных занятиях — это не просто взгляд на то, как они выполняют учебные задания. Мы должны обращать внимание на изменения в их поведении: резкую замкнутость, агрессивность, усталость или отстранённость. Подобные изменения могут быть сигналом того, что ребенок сталкивается с проблемами, которые требуют немедленного вмешательства.

Сегодня, я не просто призываю Вас всех быть внимательными. Данная задача поставлена перед нами в рамках совместного приказа министерств просвещения, здравоохранения

ранения, внутренних дел, культуры и информации, социальной защиты населения от декабря 2023 года.

Приказом утверждена методика по раннему выявлению и оказанию помощи детям-свидетелям и жертвам насилия и буллинга.

Прошу всех еще раз с ней ознакомиться.

Согласно методики, классный руководитель и педагоги должны регулярно обращать внимание на возможные признаки не стандартного поведения детей в классе и сообщать об этом руководству школы, педагогу-психологу, социальному педагогу.

Раннее выявление проблем.

Наша ответственность — замечать, если что-то идет не так, будь то школьная успеваемость, взаимоотношения с одноклассниками или признаки буллинга. Невнимательность к этим аспектам может привести к серьезным последствиям. Иногда одно не замеченное нами событие может стать началом череды проблем, которые будут сложно или невозможно исправить в будущем.

Например, благодаря бдительности педагога в городе Алматы спасен ребенок. Педагог вовремя заметил изменения в настроении ребенка и предупредил руководство школы и далее полицейских. В результате своевременных мер полицейские спасли жизнь ребенка.

Реагирование на тревожные сигналы.

Если мы замечаем что-то подозрительное или тревожное в поведении ребенка, наша обязанность — немедленно сообщить об этом администрации, школьному психологу или социальному педагогу. Нельзя оставлять такие случаи без внимания или думать, что это временные

трудности, которые ребёнок сможет преодолеть самостоятельно. Иногда не сообщённая вовремя информация может привести к трагедии. Школьный психолог также не должен оставаться в стороне и действовать согласно утвержденного алгоритма. Важно работать с каждым выявленным случаем индивидуально и сообщить вовремя в соответствующие органы полиции, здравоохранения.

Неравнодушие и участие.

Каждый ребенок уникален, и каждый может сталкиваться с различными трудностями. Мы, педагоги, должны быть чуткими к их нуждам и неравнодушными к их эмоциональному состоянию. Помощь и поддержка ребенка могут заключаться в элементарной беседе, в которой он может почувствовать, что его понимают и готовы помочь. Иногда ребёнку достаточно просто знать, что он не один, чтобы избежать более серьезных проблем.



Ответственность за последствия.

Мы должны помнить, что каждый случай бездействия или невнимательности со стороны педагога может иметь серьёзные последствия для жизни ребенка.

Также согласно 127-2 Кодекса РК «Об административных правонарушениях» за бездействие и несообщение мы несем ответственность.

Если мы видим проблему, но не реагируем, мы становимся соучастниками этой проблемы. Наша задача — не только обучать, но и защищать детей от тех угроз, которые могут их окружать.

Роль педагога в создании безопасной среды.

В классе и школе в целом мы обязаны формировать атмосферу поддержки и доверия, где дети могут чувствовать себя в безопасности и знать, что к взрослым можно обратиться в трудный момент. Это особенно важно, когда речь идет о буллинге, психологическом давлении или проблемах в семье.

Сотрудничество с родителями.

Если возникает подозрение на серьёзные проблемы у ребёнка, важно налаживать контакт с родителями и при необходимости привлекать психологов и специалистов.

Все эти действия и алгоритм нашей работы отражен в Приказе Министра просвещения № 506 от 21 декабря 2022 года «Об утверждении правил профилактики травли (буллинга) ребенка».

Прошу также его повторно изучить.

Также хочу напомнить, что вся информация (идентификационные и контактные данные, подробности произошедшего, фотографии и др.), касающаяся фактов насилия среди

детей, является строго конфиденциальной.

Сотрудники школы не должны обсуждать информацию между собой, передавать другим внутри или за пределами организации образования, за исключением уведомления компетентных органов.

ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОЕ СЛОВО И РЕКОМЕНДАЦИИ (1 МИНУТА)

В заключении прошу обратить Ваше внимание еще на несколько важных вещей:

1. Правила перевозки групп детей. Изучите. Если собираетесь с детьми на конкурс, театр, концерт и так далее, то выезд возможен только при строгом соблюдении всего алгоритма (приказ и.о Министра по инвестициям и развитию РК от 26.03.2015 года № 349).

2. Если Вам поступила информация о выезде группы детей за пределы РК на конкурс, в лагерь и так далее, сразу сообщите об этом администрации школы.

3. С 1 сентября в рамках классных часов мы проводим уроки безопасности. Методические рекомендации все получили. Прошу Вас продолжать добросовестно преподавать уроки безопасности.

Уважаемые педагоги!

Призываю всех Вас объединиться во благо детей. Данные нами знания и воспитание - это ключ к успеху детей. Благодарим Вас за неравнодушное отношение и высокий профессионализм, которые всегда отличали наших педагогов. Результаты нашей вовлеченной работы могут служить основой для гармоничного и безопасного развития ребенка.

Спасибо всем за внимание!

